«6D020900 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Масабаев Канат Изимұлы
«Жаһандану үдерісіндегі Қытай саяси жүйесінің трансформациясы және оның Қазақстан Республикасымен өзара байланысындағы көрінісі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінің өзгеруі жағдайында Қытай дербес өркениет ретінде және ғаламдық тәртіпті қалыптастырудың негізгі орталықтарының бірі ретінде қалыптасты. «Демократиялық транзит» сценарийлерін қабылдамайтынын көрсеткен ҚХР-дың саяси жүйесінің тұрақтылығы мен тиімділігі, оны жасанды интеллект, үлкен деректер және «сандық конфуцишілдік» концептісі ықпалдасуы тұрғысынан қайта пайымдауды талап етеді. Зерттеудің практикалық маңыздылығы қазақстан-қытай қарым-қатынастарының шикізат үлгісінен жоғары технологиялық әріптестікке өту үдерісі арқылы түсіндіріледі. Бұл жахандық тұрақсыздық жағдайында Қазақстанның саяси және экономикалық субъект ретінде сақталу тетіктерін жасауды талап етеді. Тақырыптың өзектілігі «Әділетті Қазақстан» құрудағы қазақстандық бағытты «Адамзаттың ортақ тағдыры қауымдастығы» қытайлық концепциясымен ұштастыру қажеттілігімен айқындалады.

Зерттелу деңгейі. ҚР мен ҚХР қарым-қатынастары проблематикасы қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде терең зерттелеген. Атап айтқанда, К. Л. Сыроежкиннің еңбектерінде ШҰАА проблематикасы арқылы қауіпсіздік, ұлт саясаты тетіктері және Қытайдың ішкі тұрақтылығының Қазақстанмен қарым-қатынасына әсері ашылады. М.Т. Лаумулин жұмыстарында халықаралық қауіпсіздік саласына және қазіргі ғаламдық саясатқа терең талдау жүргізілген. Н. Мухамедханұлының еңбектерінде Қытайдың сыртқы саясаты мен оның Қазақстан Республикасымен дипломатиялық қатынастары зерттелген. Н. Алдабек, П.Е. Бектурганова, А.Е. Сериккалиева, Д. Дауен, М.Б. Асыл ұжымдық жұмыстарында қытайлық реформа үлгілеріне кешенді талдау жүргізіліп, ҚХР-дың экономикалық және саяси өсуі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалына баға берілген. Ресейлік тарихнамада зерттеу мәселесі бойынша ерекше қызығушылық тудыратын бірқатар жұмыстарға талдау жүргізілді. Ең бірінші кезекте, А.В. Лукиннің қытайлық моделді батыс либерализміне балама ретінде талдау жүргізген жұмысын атап өтуге болады. А.В. Ломановтың еңбектерінде ҚХР сыртқы саяси идеологиясының 2013 жылдан бастап өзгеруі талданған. Шығыстанушы Н.Н. Вавиловтың еңбектері ҚХР-дың ішкі саяси күресіне, мемлекеттік аппараттың құрылымына және биліктің ауысу тетіктеріне талдау жүргізуге арналған. С.Г. Лузянин ҚХР-дың көршілес елдеріне қатысты стратегиясына талдау жүргізген.

ҚХР саяси жүйесіне талдау жүргізген батыс зерттеушілері қатарынан С. Хайльманн, К. Либерталь, М. Оксенберг, С. Хантингтон, Р. Инглхарт еңбектерін атап көрсетуге болады. Қытайлық тарихнамада ҚХР басшылығының ресми құжаттарына ерекше назар аударуды қажет етеді. Зерттеудің тұжырымдамалық

негізін талдауда аса маңызды мәнге ие Си Цзинтпиннің еңбектері мен мәлімдемелері болып табылады.

Алайда 2022 жылға дейінгі жазылған көптеген жұмыстарда ҚКП XX съезінен кейінгі сапалы өзгерістерді, оның ішінде билікті орталықтандыру және жаңа ғаламдық бастамалардың (GDI, GSI, GCI) іске қосылуы әлі де толық зерттелмеген, сондықтан бұл зерттеу осы ғылыми олқылықты толықтырады. Зерттеудің жаңашылдығы Бейжіңнің саяси стратегиясы Қазақстан Республикасына әсерін, атап айтқанда қытайлық бастамалар мен Қазақстандағы ішкі реформалардың ұштасуы тұрғысынан жүйелі талдау болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Жұмыстың мақсаты XXI ғасырдығы ҚХР саяси жүйесінің трансформациясын кешенді талдау және осы үдерістердің Бейжіңнің сыртқы саяси стратегиясына және Қазақстанмен әріптестік тетіктеріне ықпал ету заңдылықтарын айқындау болып табылады.

Зерттеу мақсатын жүзеге асыру келесі міндеттерді шешуді көздейді:

– белсенді жаһандану кезеңіне енгеннен бері Қытайдың саяси жүйесінің эволюциясын зерттеу, Си Цзиньпин биліктегі болған кездегі талдаудың басым объектісі ретінде жүйелік өзгерістерді бөліп көрсету;

– жаһандану қысымымен ҚХР-ның саяси жүйесінің қалай өзгергенін бақылау және басқарудың жоғары технологиялық моноцентристік моделі қандай механизмдер арқылы дамығанын анықтау;

– Бейжің бастаған аймақтық қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың жаңа архитектурасының Қазақстан үшін келешегіе анықтау мақсатында Қытайдың ғаламдық бастамаларының (GDI, GSI, GCI, GGI, ББББЖ) мәні мен рөлін талдау;

– саяси билікті заңдастыру мен шоғырландырудың дәстүрлі этикалық нормаларды цифрлық бақылау құралдарымен үйлестіретін гибридті әдіс ретінде түсінілетін «цифрлық конфуциандық» ұғымына теориялық негіздеме жасау;

– Бейжіңнің ішкі саяси реформалары мен «мәңгілік жанжақты стратегиялық әріптестік» шеңберінде Астанамен өзара әрекет ету форматының өзгеруі арасындағы тікелей өзара байланысты айқындау;

– «Бір белдеу, бір жол» бастамасы шеңберінде негізгі транзиттік хаб ретінде Қазақстанның рөлін бағалау және оның экономикалық және стратегиялық қауіпсіздігі үшін пайдасы мен қауіп-қатерін анықтау;

– мемлекетаралық өзара әрекеттесудің, оның ішінде транзиттік-логистикалық әлеует, энергетикалық сектор, су қорларын басқару және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сонымен қатар трансшекаралық өзендерді пайдаланудың нормативтік-құқықтық реттеу саласында бар қайшылықтарды айқындау сияқты басымды бағыттарын зерделеу және жүйелеу.

Теориялық-әдіснамалық тұрғыдан диссертациялық зерттеу неоинституционализм мен саяси жүйелер теориясының негізгі қағидаларына сүйенетін кешенді тәсілге негізделеді. Аталған жұмыста негізгі теориялық тәсіл ретінде жаңа институционализм теориясы таңдалды. Бұл теория мемлекеттік органдар мен Қытай Коммунистік партиясының қызметі конфуцийшілдік дәстүрлермен және саяси мәдениетпен ұштаса отырып, даму бағытын қалай қалыптастыратынын және жүйелік тұрақтылықты қалай қамтамасыз ететінін түсіндіруге мүмкіндік береді. С. Хантингтон мен Р. Инглхарттың модернизация

теориялары «қытайлық даму жолын» пайымдау үшін қолданылады. Жұмыста экономикалық ашықтық пен саяси орталықтандыру қатар жүзеге асатын авторитарлық модернизация феномені талданады. Дж. Миршаймердің неоклассикалық реализм теориясы Қытай Халық Республикасының сыртқы саяси ұмтылыстарын, әсіресе Си Цзиньпин басшылық еткен кезеңдегі сыртқы саясатын түсіндірудің әдіснамалық негізі ретінде пайдаланылды.

Зерттеу әдіснамасы объективтілік, жүйелілік және болжамдылық қағидаттарына негізделеді. Салыстырмалы талдау мен жүйелік модельдеу әдістерін қолдану Қытай Халық Республикасының сыртқы саяси белсенділігінің ішкі институционалдық реформалармен айқындалуын анықтауға және олардың Қазақстан Республикасымен стратегиялық сұқбатқа ықпалын бағалауға мүмкіндік береді. Жұмыста жалпы ғылыми және арнайы таным әдістері қолданылды, атап айтқанда: жүйелік, тарихи, салыстырмалы-саясаттанулық, құрылымдық-функционалдық әдістер, сондай-ақ эмпирикалық талдау әдістері - контент-талдау мен ивент-талдау. Аталған әдістер қытай-қазақстандық қатынастар мәселелерін барынша толық әрі объективті зерттеуге мүмкіндік берді.

Тарихи-генетикалық әдіс Қытай Халық Республикасының саяси жүйесінің дәстүрлі империялық үлгілер мен маоизмнен бастап, Дэн Сяопин реформалары мен Си Цзиньпин ұсынған «жаңа дәуірге» дейінгі эволюциясын зерделеуге мүмкіндік береді. Салыстырмалы-саясаттанулық әдіс Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасындағы жаңғыртудың институционалдық негіздерін салыстыру, сондай-ақ жаһандану жағдайындағы мемлекеттік басқару тәсілдерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындау мақсатында қолданылады. Құрылымдық-функционалдық талдау терең трансформациялар жағдайында жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі буын ретінде Қытай Коммунистік партиясының рөлін зерттеу үшін пайдаланылады.

Контент-талдау мен ивент-талдау Қытай Коммунистік партиясының ресми құжаттарын, оның ішінде партия съездерінің қарарлары мен баяндамаларын, сондай-ақ Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы басшыларының сөздері мен мәлімдемелерін зерттеу үшін қажет. Осылайша, Қытайдағы институционалдық құрылыс үдерістерін зерттеуде аталған теориялық-әдіснамалық тәсілдерді қолдану зерттеу тақырыбын кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеу объектісі мен пәні. Жаһандану және трансформация жағдайындағы Қытайдың саяси жүйесі. Қытайдың саяси жүйесін трансформациялау үдерістері мен тетіктері және олардың Қазақстан Республикасымен стратегиялық өзара іс-қимылдың сипатына, нысандарына және құралдарына ықпалы.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

– жаһандану жағдайындағы Қытайдың саяси жүйесі трансформациясының ерекшеліктері айқындалып, сипатталды. Бұл үдеріс ұлттық егемендікті нығайту мақсатында жаһанданудың мүмкіндіктері мен құралдарын тиімді пайдаланатын жоғары технологиялық моноорталықтандырылған басқару моделінің қалыптасуына алып келгені

көрсетілді;

– қазіргі Қытай Халық Республикасы билігінің іргелі тірегі ретінде «цифрлық конфуцийшілдік» ұғымы ғылыми айналымға енгізіліп, теориялық тұрғыдан негізделді;

– Қытайдың GDI (Жаһандық даму бастамасы), GSI (Жаһандық қауіпсіздік бастамасы), GCI (Жаһандық өркениет бастамасы) және GGI (Жаһандық басқару бастамасы) шеңберіндегі «параллельді жаһандану» моделінің ерекшеліктері ашып көрсетілді;

– Қазақстан Республикасына өзінің ұлттық мүдделеріне сүйене отырып, дербестігін сақтауға және Қытаймен қарым-қатынастарын неғұрлым сенімді түрде құруға мүмкіндік беретін тәсіл негізделді;

– екіжақты қатынастардағы теңгерімсіздікті азайтуға және тараптардың мүдделерін барынша тиімді ескеруге бағытталған тәсіл тұжырымдалды;

– Қытай Халық Республикасындағы «Адамзаттың ортақ тағдыр қауымдастығы» тұжырымдамасы мен Қазақстан Республикасындағы «Әділетті Қазақстан» саясаты негізінде екі елдің жаңғыртуының институционалдық негіздеріне салыстырмалы зерттеу жүргізілді. Нәтижесінде стратегиялық ықпалдасу нүктелері мен өзара мүдделердің әлеуетті бағыттары айқындалды.

Қорғауға шығарылған негізгі ережелер:

1. Жаһандану жағдайындағы Қытай Халық Республикасының саяси жүйесінің трансформациясы жоғары технологиялық моноорталықтандырылған модельдің қалыптасуына алып келді. Бұл модельде жаһандық интеграция құралдары либерализация мақсатында емес, ұлттық егемендікті нығайту және партиялық басшылықтың бейімделгіштігін арттыру үшін пайдаланылады.

2. «Цифрлық конфуцийшілдік» Қытай Халық Республикасы билігінің қазіргі заманғы іргелі тірегі ретінде көрініс табады. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан этикалық-философиялық қағидаттар мен цифрлық технологиялардың синтезін білдіреді.

3. Қытайдың GDI (Жаһандық даму бастамасы), GSI (Жаһандық қауіпсіздік бастамасы), GCI (Жаһандық өркениет бастамасы) және GGI (Жаһандық басқару бастамасы) арқылы жүзеге асырылатын «параллельді жаһандану» стратегиясы өзінің дербес институционалдық ортасын қалыптастыруға бағытталған.

4. Қазақстанның Қытаймен қарым-қатынастарда дербес ұстанымын сақтауы белсенді технологиялық ынтымақтастықты қаржылық үдерістерге ішкі бақылауды күшейтумен және ұлттық нормалар мен қағидаларды сақтаумен ұштастырған жағдайда мүмкін болады.

5. Екіжақты қатынастардағы теңгерімсіздікті төмендету мақсатында негізінен саудаға бағытталған өзара іс-қимылдан бірлескен өндіріс пен технологияларды дамытуға көшу ұсынылады.

6. Қытай Халық Республикасының саяси жүйесі қатаң партиялық басқару вертикалі мен мемлекеттік басқарудың икемді тетіктерін үйлестіру арқылы жаһандану сын-қатерлеріне жоғары бейімделгіштік танытады.

7. Қытайдағы «Адамзаттың ортақ тағдыр қауымдастығы» тұжырымдамасы мен Қазақстандағы «Әділетті Қазақстан» жаңғырту бағытының

институционалдық ұштасуы егеменді даму мен технологиялық қауіпсіздік салаларындағы ортақ мүдделерге негізделеді. Бұл өз кезегінде екі мемлекет арасында прагматикалық әрі ұзақ мерзімді ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік береді.6. Политическая система КНР демонстрирует высокую адаптивность к вызовам глобализации за счет сочетания жесткой партийной вертикали и гибких механизмов государственного управления.

Диссертацияның теориялық және практикалық маңыздылығы оның негізгі қағидаларын, қорытындылары мен бағалауларын Қазақстан-Қытай қатынастарын және Қытай Халық Республикасының саяси жүйесінің трансформациясын одан әрі зерттеуде пайдалану мүмкіндігімен айқындалады. Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының Қытайға қатысты сыртқы саяси басымдықтарын қалыптастыру барысында қолданылып, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Үкіметі және Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі үшін ұсынымдық сипатқа ие бола алады.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы халықаралық қайшылықтардың күшеюі жағдайында Қытай саясаты трансформациясының Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саяси бағытына ықпалын талдаудың өзектілігімен негізделеді. Зерттеу материалдары ғылыми-талдамалық мекемелердің қызметінде, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты жұмысында пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, олар халықаралық қатынастар, саясаттану, шығыстану және қытайтану бағыттары бойынша оқу курстарын әзірлеу мен білім беру үдерісінде қолдануға жарамды.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу Қытайдың саяси жүйесінің жаһандану жағдайындағы трансформациясы институционалдық тұрақтылықтың күшеюімен, басқарудың орталықтандырылуының артуымен және мемлекеттік реттеу тетіктерінде цифрлық технологиялардың белсенді қолданылуымен қатар жүретінін көрсетуге мүмкіндік берді. Қытай Халық Республикасының қазіргі даму моделі сыртқы сын-қатерлерге бейімделе отырып, саяси тұрақтылық пен стратегиялық сабақтастықты сақтай алатын қабілетін айқын көрсетеді.

Зерттеу барысында Қытайдағы ішкі өзгерістердің Қазақстан Республикасымен өзара іс-қимылдың мазмұны мен тетіктеріне тікелей ықпал ететіні анықталды. Бұл ықпал көлік-транзиттік және логистикалық ынтымақтастық, энергетикалық қауіпсіздік, технологиялық алмасу және өңірлік тұрақтылық мәселелерінен көрініс табады. Осы жағдайда Қазақстан үшін ұлттық мүдделерге, экономикалық орнықтылыққа және стратегиялық дербестікке негізделген Қытаймен ынтымақтастықтың прагматикалық моделін қалыптастыру ерекше маңызға ие.

Зерттеу нәтижелері Қытайдың саяси жүйесінің трансформациясы мен оның сыртқы саяси басымдықтарының өзара байланысын түсінуге мүмкіндік береді, сондай-ақ Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық әріптестіктің даму перспективаларын бағалауға ғылыми негіз қалыптастырады. Бұл өз кезегінде Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін тиімді қорғауға және өзгермелі халықаралық орта жағдайында теңгерімді сыртқы саясат жүргізуге ықпал етеді.